



**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Қарағанды қаласы білім бөлімінің  
«Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022-2023 оқу жылындағы  
гимназия компонентінің  
жұмыс оқу жоспары**

**Қарағанды, 2022**



## Түсіндірме хат

### Гимназия миссиясы

Кемел білімді, ұлттық рухани құндылықтарымызға негізделген педагогикалық бағытқа бейімдей отырып тұлға қалыптастыру.

### Мақсатымыз

Білім кеңістігінде білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

### Ұранымыз

Дәстүрге сүйене отырып, келешекті қалыптастырамыз!

Адамның ертеңгі жетістігі бүгінгі меңгерген дағдысына байланысты.

Бастауыш мектеп – баланың саналы өмірге басқан алғашқы қадамы. Баланың қабілетін ашу, ішкі дүниесін түсіну, жанының тазалығын сақтау – алдымызға қойған мақсатымыз.

Орта мектеп – баланың қалыптасуындағы негізгі кезең. Білім мен машықтарға қоса қазіргі оқушыларға әлеуметтік интеллект, қоршаған орта жөнінде сауаттылық, ұлттық және жаһандық құндылықтар, өнімділік және кез келген әрекет түріндегі проактивтік керек.

Жоғарғы мектеп – орта білім берудегі қорытынды, шешуші кезең. Бұл кезеңде оқушылар бейіндік пәндерге ден қойып, өзінің тұлға ретіндегі ұмтылысын шындай түседі. Өмір сүруге қажет білімдер, дағдылар мен қасиеттерді меңгерген, өз басына жауап бере алатын, ішкі мотивациясы мығым, құндылық бағдары қалыптасқан тұлға.

2022 - 2023 оқу жылына арналған гимназия компонентінің оқу жоспарын жасауда төмендегідей құжаттар басшылыққа алынды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

«Жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» республиканың ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы

Гимназия компонентінен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерінен 1 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға математика, физика, химия, биология, география пәндерін тереңдетіп оқытуға, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға 1 сағаттан берілді.

Гимназия миссиясын жүзеге асыру мақсатында бастауыш сыныптарда «Саналы оқу», орта буында «Мағжантану» жоғары сыныптарда «Мағжан педагогикасы» курсы оқытылады және «Педагогикалық сынып» /7-9 сынып/ жобасы жұмыс жасайды.

Оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытуға, оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныптарда «Ұлттық қазына», «Әдептану», орта



буында «Парасаттылық және әдеп», жоғары сыныптарда «Қарым-қатынас әдебі», «Жантану», «Парасаттану» курстары енгізілді.

5-сынып оқушыларының ағылшын тілін сабақта қолдану арқылы функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту және математиканы ағылшын тілінде меңгерту мақсатында «Easy Math» курсы енгізілді.

10-11 сыныптарда көптілді білімді мақсатты түрде оқыта отырып АКТ құзыреттілігін жоспарлы түрде жүзеге асыру мақсатында информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту курсы «PDSI», «Program Language» енгізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптарда «Жас оқырман», орта буындарда «Здорово читать», « Книжный блогер», «Пиши-читай» курстары енгізілді.

**XXI ғасырдағы адамның дағдыларын** мектеп қабырғасынан қалыптастыру мақсатын гимназия компоненті мен үйірме курстары арқылы оқытуды жүзеге асырамыз.

«Сказка в кадре», «Сахналық өнер», «Жас тілші», «Жас блогер», «Жас журналист», «Жыр-жалын», «Чарующий мир поэзии», «Леготека, LEGO», «Робототехника», «Экотану», «Экологиялық этика», «Азаматтық сауаттылық», «Креативті дизайн», «Дизайн /мүсін», «Сәндік-қолданбалы өнер», «Дебат», «English» клубы т.б. курстары оқытылады.

**Оқытудың бастауыш сатысы бойынша гимназия компонентінен:**

**Тіл дамыту** - Оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру, тіл байлығын арттыру; Мәтін, ертегілердің мазмұнын толық жеткізе білуге дағдыландыру; Жатқа айту арқылы есте сақтау, ойлау, қабілеттерін дамыту;

**Саналы оқу**

Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру және шығарманың негізгі ойын түсіне отырып, өз көзқарасын ауызша немесе жазбаша сөйлеу түрінде жеткізуге үйрету.

**Жас оқырман**

Белсенді оқырман ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау, бірлесіп оқу арқылы танымдық қызығушылықты дамыту.

**Әдептану**

Оқушыларды адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту; Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Өз-өздерін басқару, еркіндікке машықтандыру.

**Математика және логика**

Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамыту.

**Леготека/ LEGO**

Lego-құрастыру арқылы ойыншықтарды кеңістікте ораналастыру және абстрактылы ойлауға үйрету.

**Мен және экология**

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі, түсініктер және кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.



### **Қызықты грамматика**

Оқушылардың әдеби сауатын ашу негізінде рухани байыту, оқушыны көркем шығарманың мазмұнын түсінуге жетелеу, оқу дағдыларын және оқырмандық біліктілігін қалыптастыру

### **Саналы оқу**

Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру және шығарманың негізгі ойын түсіне отырып, өз көзқарасын ауызша немесе жазбаша сөйлеу түрінде жеткізуге үйрету.

### **Шешендік өнер**

Оқушылардың әдеби мұраға деген талғамын дамыту, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету.

### **ECOLIFE**

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі, түсініктер және кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру. Орта буынға дейінгі тұлғаның экологиялық мәдениет негіздерін дамыту.

### **Математика күнделікті өмірде**

Математиканың адам өмірінің қай жерінде кездесетінін анықтап және оның қажеттілігін дәлелдеп білу.

### **Жас тілші**

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

### **Оқу сауаттылығы**

Оқушылардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу.

### **Мағжантану**

Оқушыларға Мағжанның педагогикалық құнды пікірлерін меңгерту, Мағжан үлгісінде тәрбиелеу.

### **Саналы оқу**

Мәтінмен жұмыс істеудің нәтижесінде білім алушылар ақпаратты іздеуді, қажетті ақпаратты белгілеу мен жазып алуды, жүйелеуді, салыстыруды, талдауды және қорытындылауды, түсіндіруді және түрлендіруді жүзеге асыра алуға дағдыландыру.

### **Айналамыздағы математика**

Оқушылардың ойлау, логикалық және зерттеушілік, есте сақтау, талдай білу, өздігінен қорытынды жасай білуін, тапсырмаларды, элементтерді, орындай білу дәлдігін дамыту.

### **Экотану**

Адам денсаулығының жағдайы мен қоршаған ортаның байланысы туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыра отырып, оқушылардың экологиялық дүниетанымның негізін қалау

### **Ұлттық қазына**



Ұлттық қазыналар арқылы оқушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға даярлау және ұлттық төл мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді насихаттау.

### **Жас оқырман**

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, өз бетінше оқуды ұйымдастыру

### **Мағжантану**

Ұлттық құндылықтарды құрметтей білетін тұлға қалыптастыра отырып, оқушыларға Мағжанның педагогикалық құнды пікірлерін меңгерту.

### **Саналы оқу**

Мәтінмен жұмыс істеудің нәтижесінде білім алушылар ақпаратты іздеуді, қажетті ақпаратты белгілеу мен жазып алуды, жүйелеуді, салыстыруды, талдауды және қорытындылауды, түсіндіруді және түрлендіруді жүзеге асыра алуға дағдыландыру.

### **Грамматика әлемі**

Оқушылардың қазақ тілінен алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту.

### **Қызықты лабиринт**

Логикалық есептер шығарта отырып, пәнге танымдық қызығушылықты тудыру, алған білімдерін жеткізе білуін қалыптастыру

### **Экономикаға кіріспе**

Экономикалық білімдерін, негізін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру

### **Оқытудың негізгі сатысы бойынша гимназия компонентінен:**

Негізгі мектептің басты оқыту міндеті – гимназияда оқыту үшін қажетті базалық білімдері мен әрекет тәсілдерін меңгерту үшін жағдайлар жасалған.

Қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары негізгі мектептің 5-ші, 6-шы, 7-ші сыныптарында басшылыққа алынды.

5«А»,«Ә», 6«А»,«Ә», 7«А»,«Ә», 8«А»,«Ә», 9«А, Ә» сыныптары қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптар ретінде, ал 5«Б»,«В»,»Г»,6«Б»,«В»,«Г», 7«Б»,«В»,»Г»,8«Б»,«В»,«Г»,9«Б»,«В»жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар ретінде құрылды.

### **Сөз сыры**

Тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастыру.

### **Қазақ тілінің сөз байлығы**

Оқушылардың фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік машықтары мен дағдыларын дамыту, тіл дыбыстары, сөз таптары мен қосымшалар туралы теориялық білімдерін жүйелеу, теориялық білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды қолдануға төселдіру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

### **Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері**

Оқушы өз ойын, танымы мен парасатын, көзқарасын жинақы түрде жеткізе алатын дәрежеге жетеді, сыни ойлауы дамиды, өз ойын еркін жеткізуге, дәлелдер мен аргументтер арқылы өз пікірін ашық айтуға дағдыланады, өзіндік көзқарасы,



позициясы айқындалып өмірде жеке тұлға ретінде қалыптасады, шығармашылығы дамиды.

### **Шешендік сөз – шеберлік өнер**

Оқушыларға шешендік өнердің құдіреті мен мәнін, маңызын, әйгілі шешендердің өнері мен мұраларын үлгі ете отырып, әдемі, мәнерлі, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөз қадірін ұғынуға, сөз астарын дұрыс түсінуге үйрету.

### **Мағжантану**

Қазақтың кемеңгер ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын терең меңгерту, ақын өлеңдерін, поэмаларын, аудармаларын талдау машығын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, рухани дүниесін кеңейту, кітап оқуға деген ынтасын арттыру.

### **Жас блогер**

Балаларда тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған негізгі коммуникативтік, әлеуметтік және танымдық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Жыр-жалын**

Оқушының мәнерлеп әуезді оқи алу дағдысын қалыптастыру.

### **Мағжан педагогикасы**

Қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалыптастыру.

### **Көшпенділер өркениеті /5-7 сынып/**

Көшпенділер өркениетінің бүкіл әлем тарихына және әлем мәдениетіне әсер ету ықпалын анықтау

### **Алаштану**

Оқушыларға XX ғасыр басында өмір сүрген Алаш зиялыларының тәуелсіздік, ұлттық мүдде, мемлекетшілдік идеясының негізгі ұстаным болатындығын түсіндіру.

### **Сказка в кадре**

Білім алушыларға эстетикалық тәрбие беру, көркем оқу дағдыларын дамыту, аудио, бейне жазу және театрландыру құралдарын пайдалану арқылы шығармашылық және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру.

### **Скорочтение и развитие интеллекта**

Оқу жылдамдығын арттыруға және ақпаратты игеруге жағдай жасау.

### **Здорово читать /Страница23/**

Оқуға деген қызығушылықты ояту арқылы оқу сауаттылығын дамытуға, олардың оқу мәдениетін арттыру ықпал ету, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

### **Функциональная грамотность чтения**

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, сөздің мағынасын түсіну, ерекшеліктерін зерттеу, жеке тәжірибеге енгізуге үйрету.



**Жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар: 5«Б»,«В»,»Г» 6«Б»,«В»,«Г», 7«Б»,«В»,»Г», 8«Б»,»В»,»Г» 9«Б»,»В»**

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық сауаттылығын дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында 5-9 сыныптарға

#### **Стандартты емес есептерді шешу**

Оқушының теориялық білімін нығайтып, өздігінен іздендіре отырып, шығармашылыққа жетелеу; ғылым мен техникада алар орны мен қажеттілігін түсіндіру; оқушылардың жалпы дайындық деңгейлерін жоғарлату, білім алу дайындығын жалғастыру, шығармашылық және практикалық мүмкіндіктерін ашу, дамыту болып табылады; оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, әр түрлі есептерді шешу жолдарын көрсету; оқушылардың математика пәніне қызығушылық арттырып, олимпиада есептеріне дайындау.

#### **Қызықты геометрия тапсырмалары**

Оқушылардың мектеп математика курсының бағдарламасына сәйкес жалпы прогрессияның өмірдегі қолдану деңгейін оқып үйрену. Медицинада, биологияда, тұрмыста, құрылыстағы, экономикадағы прогрессияны меңгерту.

#### **Алгебралық өрнектер**

Оқушылардың математикалық білімге қызығушылықтарын арттыра отырып, математикалық ойлау және есептеу мәдениетін қалыптастыру.

#### **Статистика элементтері**

Оқушының теориялық білімін нығайтып, өздігінен іздендіре отырып, шығармашылыққа жетелеу; ғылым мен техникада статистика элементтерінің алар орны мен қажеттілігін түсіндіру; статистика элементтеріне байланысты әр түрлі есептерді шешу жолдарын көрсету; оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырып, олимпиада есептеріне дайындау.

#### **Прогрессия өмірде**

Оқушылардың мектеп математика курсының бағдарламасына сәйкес жалпы прогрессияның өмірдегі қолдану деңгейін оқып үйрену. Медицинада, биологияда, тұрмыста, құрылыстағы, экономикадағы прогрессияны меңгерту.

#### **Компьютерлік физика**

Теориялық материалдарды тереңірек оқып үйрену, әртүрлі шамаларды өлшеу әдісімен танысу, оқушыларға эксперименттік жұмыстарды жасау дағдысын қалыптастыру, приборларды оқып үйрену, элект схемасын жинап үйрену және физикалық эксперименттерді компьютерде модельдеуді үйрету.

#### **Физика және Қазақстан энергетикасы**

Елімізде энергияны өндіру, тасымалдау, түрлендіру жолдарын таныстыру арқылы физика ғылымына қызығушылығын арттыру, теориялық білімдерін тереңдетіп, практикалық жұмыста қолдана білу.

#### **Физика негіздері**

Берілген тақырыптар бойынш физиканың заңдылықтарын, олардың ашылу тарихын, күнделікті тұрмыста қолданылуын, физиканың өндіріспен, ауылшаруашылығымен, техникамен, ғарышты игерумен байланыстылығын тереңдетіп ашып көрсету, пәнаралық байланысты жүзеге асыра отырып, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны білімділікке,



ізденімпаздыққа, тапқырлыққа ынталандырып, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыру.

### **Химия және материалтану**

Оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, ғылымға қызығуын ояту. Өз ісіне жауапкершілігін арттыру, химиялық процестеге қызығушылығын арттыру.

### **Химия және экология**

Бүгінгі оқушыларды қоршаған ортаны ластану мәселерін шешуде белсендіктерін арттыру. Ең тиімді әдістердің бірі-бұл экологиялық мәселе бойынша есептер шығару.

### **Химиялық эксперименттік есептерді шешу. Клиникадағы химиялық зерттеу әдістері**

Сабақтарда теорияны өмірімен байланыстырудың маңызы үлкен. Сондықтан бұл курс бағдарламасында оқушылардың білімге жеке пәнге деген құштарлығын дамыту, белгілі бір кәсіптік мамандықты игеруге әзірлеу, өзіндік ой – пікір қалыптастыру, логикалық ой – өрісін дамыту. Оқушыларды оқу тәрбие процесі арқылы оқушыларды терең білім берумен қатар танымдық және эксперименттік есептер шығаруға дағдыландыру.

### **Туған өлке флорасы/ Экософия**

Табиғатқа сакральді мән сіңіре отырып оқушылар бойына экологиялық сана қалыптастыру

Табиғатқа деген жауапкершілік арттыру барысында әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыра отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу

### **Тірі ағзалар патшалығы**

биологиялық білімнің базалық деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, шығармашылық және жаратылыстанымдық іскерлікті, ғылыми көзқарасты, ізгілік пен экологиялық мәдениетті дамытуды сонымен қатар өзін-өзі билеуге, еңбек сүйгіштік пен табиғатқа қамқорлық жасауға дағдыландыру

### **Адам анатомиясы мен гигиенасы**

Адам ағзасының құрылыс ерекшеліктерін және тұқым қуалайтын ауруларды түрлерімен таныстар отырып, ауруларды болдырмау шараларын білуге, денсаулықты қорғауға тәрбиелеу

### **Жас эколог / Экологиялық этика**

Оқушылардың экологиялық білімдерін тереңдете отырып, оларды шығармашылықпен ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрете отырып, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

### **Картография негіздері**

Оқушыларды географиялық картаны ғаламдық таным дағдысын қалыптастыру құралы ретінде пайдалануға үйрету.

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары бойынша 10«А,Ә»,11«А» сыныптары қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сынып болса, 10«Б», 11«Ә,Б» сыныптары жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар ретінде құрылды.



## **Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10«А», 11«А» сыныптар**

### **Әдеби эссе**

Оқушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін тандай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтаудағы сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашылық жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді тиімді қолдану.

### **Чарующий мир поэзии**

Көркем лирикалық шығармаларымен танысу, оқушылардың өлеңдерді дұрыс оқып, талдай білу қабілетін дамыту, нұсқау саласында құзыреттілікті қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

### **Эссе как вид речевой деятельности**

Оқушыларға мазмұнды, жинақы эссе жазудың жолдарын түсіндіру.

### **Туризм географиясы**

Нарықтық экономика мен болашақ экономикалық өсу жағдайларында дұрыс бағыт- бағдар ұстана отырып әртүрлі шаруашылық салалары арасындағы байланысты меңгеру.

Оқушылардың білік дағдыларын жан-жақты дамыту.

## **Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10«Ә», 11«Б» сыныптар**

### **Биофизика**

Оқушыларды қазіргі кездегі ғылым дамуының негізгі бағыттарымен таныстырып, физика, биология және химия пәндері арасындағы байланысты көрсету.

### **Техникадағы физика**

Физиканың заңдылықтарын күнделікті тұрмыста, өндірісте, техникада қарастыра отырып физикалық эксперименттерді компьютерде модельдеу.

### **PDSI**

### **Program Language**

Кәсіпті білімді мақсатты түрде оқыта отырып АКТ құзыреттілігін жоспарлы түрде жүзеге асыру.

### **Графика/ Қызықты сызу**

Графикалық редакторлар түрлерін білуіне ықпал жасау, бейнелермен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру.

Оқу жоспары мемлекеттік стандарттарға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сүйене отырып, ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы №611 бұйрығын негізге ала отырып санитарлық нормаларға сай жасалды.



**Бастауыш білім берудің  
қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 1а, ә  
жаратылыстану-математика бағыттағы 1б, в, г  
сыныптарына арналған гимназия компоненті**

№	Сыныптар	1а, ә	1б,в,г
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Тіл дамыту	1	
2	Саналы оқу	1	
3	Жас оқырман	1	
4	Әдептану /құндылық/	1	1
5	Математика және логика		1
6	Леготека		1
7	Мен және экология		1

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 2 а, ә, д  
жаратылыстану-математика бағыттағы 2 б, в, г сыныптары**

№	Сыныптар	2 а, ә, д	2 б,в,г
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Қызықты грамматика	1	
2	Саналы оқу	1	
3	Шешендік өнер	1	
4	Парасаттылық және әдеп /құндылық/	1	1
5	LEGO		1
6	ECOLIFE		1
7	Математика күнделікті өмірде		1



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 3 а, ә,  
жаратылыстану-математика бағыттағы 3 б, в, г сыныптары**

№	Сыныптар	3 а, ә	3 б,в,г
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Жас тілші	1	
2	Оқу сауаттылығы	1	
3	Мағжантану	1	
4	Саналы оқу	1	
5	Айналамыздағы математика		1
6	Леготека		1
7	Экотану		1
8	Ұлттық қазына /құндылық/		1

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 4 а, ә,  
жаратылыстану-математика бағыттағы 4 б, в, г сыныптары**

№	Сыныптар	4 а, ә	4 б,в,г
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Жас оқырман	1	
2	Мағжантану	1	
3	Саналы оқу	1	
4	Грамматика әлемі	1	
5	Қызықты лабиринт		1
6	Леготека		1
7	Экономикаға кіріспе		1
8	Ұлттық қазына /құндылық/		1



**Негізгі орта білім берудің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы  
5а,ә, 6а, ә, 7а,ә, 8а,ә, 9а,ә сыныптарына  
арналған гимназия компоненті**

<b>№</b>	<b>Сыныптар</b>	<b>5а,ә</b>	<b>6а,ә</b>	<b>7а,ә</b>	<b>8а,ә</b>	<b>9а,ә</b>
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
	<b>5-сынып</b>					
1	Сөз сыры	1				
2	Көшпенділер өркениеті	1				
3	Сказка в кадре	1				
4	Мағжантану	1				
	<b>6-сынып</b>					
5	Қазақ тілінің сөз байлығы		1			
6	Көшпенділер өркениеті		1			
7	Скорочтение и развитие интеллекта		1			
8	Жас блогер		1			
	<b>7-сынып</b>					
9	Эссе , оның түрлері			1		
10	Көшпенділер өркениеті			1		
11	Скорочтение и развитие интеллекта			1		
12	Жыр – жалын			1		
	<b>8-сынып</b>					
13	Көркем сөз күдіреті				1	
14	Алаштану				1	
15	Здорово читать /Страница 23/				1	
16	Мағжан тағылымы				1	
	<b>9-сынып</b>					
17	Шешендік сөз – шеберлік өрнегі					1
18	Парасаттану /құндылық/					1
19	Функциональная грамотность чтения					1
20	Мағжан педагогикасы					1



**Негізгі орта білім берудің жаратылыстану-математикалық бағыттағы  
5б,в,г 6б,в,г, 7б,в,г 8б,в,г 9б,в сыныптарына  
арналған гимназия компоненті**

<b>№</b>	<b>Сыныптар</b>	<b>5б,в,г</b>	<b>6б,в,г</b>	<b>7б,в,г</b>	<b>8б,в,г</b>	<b>9б,в,г</b>
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
	<b>5-сынып</b>					
1	Стандартты емес есептерді шешу	1				
2	Жас эколог	1				
3	Жыр жалын	1				
4	Дизайн /Мүсін өнері/	1				
	<b>6-сынып</b>					
5	Қызықты геометрия тапсырмалары		1			
6	Картография негіздері		1			
7	Экософия		1			
8	Анимация		1			
	<b>7-сынып</b>					
9	Алгебралық өрнектер			1		
10	Компьютерлік физика			1		
11	Тірі ағзалар патшалығы			1		
12	Химия және материалтану			1		
	<b>8-сынып</b>					
13	Статистика элементтері				1	
14	Физика және Қазақстан энергетикасы				1	
15	Адам анатомиясы мен гигиенасы				1	
16	Химия және экология				1	
	<b>9-сынып</b>					
17	Прогрессия өмірде					1
18	Физика негіздері					1
19	/Қоршаған орта және азаматтық сауаттылық/ Экологиялық этика					1
20	Клиникадағы химиялық зерттеу әдістері					1



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша  
10 «А», 11 «А,Ә» сыныптарына арналған  
гимназия компоненті**

№	Пәндер	10 а	11а,ә
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Әдеби эссе	1	
2	Чарующий мир поэзии	1	
3	Туризм географиясы	1	
4	Дизайн	1	1
5	Әдеби эссе		1
6	Туризм географиясы		1
7	Эссе как вид речевой деятельности		1

**Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша  
10»Ә»,11 «Б» сыныптарына арналған  
гимназия компоненті**

№	Сыныптар	10 ә	11Б
	<b>Гимназия компоненті</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Биофизика	1	
2	PDSI – көптілді ICT	2	
5	Графика /қызықты сызу/	1	1
6	Техникадағы физика		1
7	Program Language		2



### 7-11 сыныптарға арналған үйірме сағаттары

№	Сыныптар	7а	7ә	7б	7в	7г	8а	8ә	8б	8в	8г	9а	9ә	9б	9в	9г
	<b>Үйірме</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Тоғызқұмалақ	1	1	1	1	1										
2	Креативті дизайн	1	1													
3	Жол сақшылары			1	1	1										
4	Сахналық өнер			1	1	1			1	1	1					
5	Пиши читай	1	1	1	1											
6	Ұлттық ойындар					1										
7	Робототехника	1	1													
8	Жыр жалын						1	1			1					
9	Вокал							1	1							
10	Футбол						1	1								
11	Баскетбол								1	1	1					
12	Өрнектер сыры								1	1	1					
13	Арт Дизайн						1	1								
14	Волейбол											1	1	1	1	1
15	Парасаттану						1							1	1	1
16	Жас химик											1	1			
17	Елтану															1
18	Дебат													1	1	1
19	Сықырлы тастар											1	1	1	1	
20	Робототехника									1		1	1			

№	Сыныптар	10а	10ә	11а	11ә	11б
	<b>Үйірме</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
1	Мамандық тану	1	1			
2	Жантану			1	1	1
3	Тарихтан тағлым	1		1	1	
4	Мерген		1	1		1
5	Қарым-қатынас мәдениеті	1	1	1	1	1
6	Елтану	1				
7	Selected questions of mathematics /математика/		1		1	1